

**ЖАҢА ЖІБЕК ЖОЛЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
БЕЛДЕУІ АЯСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ**

Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынас 1992 жылдың 3 қаңтарында орнатылған. 2002 жылдың 23 желтоқсанында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл бір-біріне шекаралас орналасқан екі елдің арасындағы мұнан кейінгі қатынастарды айқындап берген ең маңызды құжат болып табылады.

Қазақстан ҚХР-дың Орталық Азиядағы ең ірі және Шығыс Еуропа мен ТМД елдерінің арасында Ресейден кейінгі екінші ірі сауда серіктесі болып табылады. Қазақстан Еуразия құрлығының жүрегінде орналаса отырып, Қытай, Еуропа, Ресей және ТМД мемлекеттері нарықтарын және Еуропалық Одақ, Орталық Азия және Парсы шығанағын көлік дәліздерімен байланыстырады.

Екі мемлекет арасындағы қатынастардың тарихы терең. Бүгінгі күні бұл қатынастар барлық бағыттар бойынша қарқынды дамуда. Қытаймен жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту – Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады [1].

Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынастардың жаңа кезеңі екіжақты әрекеттесудің барлық салаларындағы жаңа жобалармен толығырақ түсуінде. Бұған ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол» Жаңа экономикалық саясаты бастамасын және ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің – «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және «XXI ғасырдағы Теңіз Жібек жолы» атты екі стратегиялық жобасын қамтитын «Бір белдеу, бір жол» бастамасын іске асыруда жетекшілік рөл атқарады.

Қазіргі таңда Еуразия елдері ғана емес, сондай-ақ барлық әлем Жібек жолын қайта жаңғырту жобасы өңірдің көптеген елдері үшін перспективалы транзиттік дәліз ретінде қарайды. Бірақ ұзақ уақыт бойы біздің дәуірімізге дейінгі екінші ғасырда болған керуен жолдарына аса мән берілген жоқ. Тарихи бағытты қайта жаңғырту туралы XX соңында ғана аса күрделі ауа райы жағдайында тиімділікті сақтай отырып, үлкен трансконтиненттік тасымалдарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін технологиялар мен көлік пайда болғанда ғана айтыла бастады.

Орталық Азия өңірінде транзиттік дәліздерді дамытумен қатар Қытай елдің шығысындағы ірі порттарды батыс шека-

расына өтумен байланыстыратын заманауи көлік желісін қалыптастыра бастайды. Сары теңіз жағалауындағы Ляньюньгань портынан бастап Қазақстан-Қытай шекарасындағы «Қорғас» бақылау-өткізу бекетіне дейінгі Бірінші Трансқытайлық автомагистралі 2004 жылдың 8 тамызында ашылды. Ұзындығы 4393 шақырым болатын жол 1990 жылдан бастап салынды. Жолдың техникалық сипаттамасы сағатына 120 км орташа жылдамдықпен жүруге мүмкіндік береді, автобан ҚХР-ның шығыс шекарасынан бастап батыс шекарасына дейінгі жолды 15 тәуліктен 50 сағатқа дейін немесе 7,5 есеге қысқартты.

Жекелеген көлік дәліздерін құру Ұлы Жібек жолы бағытын жаңғырту ретінде 2012 жылы қалыптасты. Онда Шетел инвесторлары кеңесінің 25-ші отырысында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңа Жібек жолы» ауқымды жобасының бастау алғанын жариялаған болатын. Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы қыркүйекте Қазақстанға жасаған ресми сапары барысында алғаш рет Назарбаев Университетінде Орталық Азия елдерімен бірге Еуропа мен Орталық Азияны жалғайтын «Жібек жолы экономикалық белдеуін» құру бастамасын, ал осы жылдың қазанында ҚХР Төрағасының Индонезияға барған сапарында Қытайдың Батыс, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия, сонымен қатар Шығыс Африка және Еуропа елдерімен ынтымақтастықты кеңейту үшін «XXI ғасырдың теңіз Жібек жолы» бастамасын ұсынды. Қазіргі таңда Қытай ең ірі екі экономикалық жобаны жүзеге асыруда: құрлықта «Жібек жолы экономикалық белдеуі», теңізде «XXI ғасырдың теңіз Жібек жолы» [2].

2014 жылы 11 қарашада ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы жарияланды [3]. «Нұрлы Жол» Жаңа экономикалық саясаты – бұл болашақтың инфрақұрылымын кең көлемде инвестициялау есебінен экономиканы жүйелі түрде қайта құру. Көлік, индустриялық, энергетикалық, тұрғын үй-коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ шағын және орта бизнеске барынша қолдау көрсету тұрақты экономиканың негізі – мықты орта тапты қалыптастыра отырып, болашақ Қазақстанның іргетасын мызғымастай етіп нығайтады.

Қытайдан Еуропа бағытына жүк транзиттерін Қазақстан арқылы жаңа контейнерлік пойыздармен жіберу, қытайлық компанияларға өз тауарларын Еуропа мен ТМД нарықтарына шығарудың жылдамдық және сенімділік сияқты артықшылықтарын берумен қатар, екі ел аймақта-

ры арасындағы сыртқы сауда байланыстарының дамуына қосымша ықпал етеді.

2015 жылы Ляньюньгань (Цзянсу өлкесі) теңіз портында орналасқан қазақстандық – қытайлық логистикалық терминал өз жұмысын бастады. Бұл терминал арқылы қазақстандық тауарларды Жапония, Оңтүстік Корея, Азия – Тынық мұхиты аймағы елдеріне экспортқа шығаруға мүмкіндік ашылады. Бұған қоса, біріккен кәсіпорын халықаралық мультимодальдық тасымалдауларды, жүк тиеу-түсіру жұмыстарын, консультациялық және көлік-экспедиторлық қызметтерін көрсететін болады.

Сонымен қатар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің құрылысы аяқталуда. Аталған көлік желісі жүктердің Қытайдан Еуропаға дейін жеткізілу мерзімдерін теңіз жолымен салыстырғанда 3,5 есе қысқартпақ. Бұл жоба жаңа жұмыс орындарын ашуға және жүктердің транзитінен табыс алып, логистиканы қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [4]. «Жаңа Жібек жолы» жобасының артықшылығы «5С принципі – жылдамдық, сервис, баға, сақталу және тұрақтылықты» жүзеге асыруға негізделеді.

Көптеген отандық сарапшылар «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында Жаңа Жібек жолын құру бойынша ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру Қазақстанға халықаралық нарықтарға қолжетімділіктің бірегей мүмкіндіктерін беріп, өңірге инвестиция тартудың қуатты құралына айналады деп бағалауда.

Қытайдың Жаңа Жібек жолы көліктік дәлізін құру туралы Стратегиялық бастамасы қазақстандық өнімдер үшін әлемдік нарықтарға жол ашады және де экономикалық зор табыс әкеледі. ҚХР төрағасының «Жібек жолының экономикалық белдеуін» құру туралы идеясы Қазақстан үшін аса табысты болмақ, себебі біз инфрақұрылымдық жобаларға көп инвестиция салдық. Біздің стратегиялық мақсатымыз Орталық Азия өңірінің ірі іскерлік және транзиттік хабына, Еуропа мен Азияны жалғайтын көпірге айналу. Көлік дәліздерінің Орталық Азия өңірі арқылы өтетін кез-келген нұсқасында Қазақстан транзиттік және логистикалық үдерістердің орталығы болмақ, бұл зор экономикалық нәтижелерге ие болуға мүмкіндік береді. Қазақстан үшін әлемдік нарықтарға қолжетімділікке ие болу маңызды [5].

Ішкі континенттік дәліздердің әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып, Қазақстан 2020 жылға дейін Шығыс пен Батыс арасындағы транзит көлемін екі есеге арттыру мақсатын алға қойды.

Қытайдың орталық және батыс провинцияларынан экспортты жедел дамыту және арттыру бұл мақсатқа жетуге септігін тигізеді. БҰҰ сауда және даму жөніндегі Конференцияның (ЮНКТАД) мәліметтеріне сәйкес Еуразия континентіндегі негізгі нарықтар арасында 2020 жылға сауда көлемі 1,5 есеге – 800 млрд доллардан 2014 жылы 1,2 трлн долларға дейін артады. Қытай мен Еуропалық одақ елдері арасындағы тауар айналымы 615-тен 800 млрд АҚШ долларына дейін, Қытай мен Үндістан арасында 2020 жылға қарай 66-дан 92 млрд долларға дейін артады деп күтілуде. Сонымен бірге, Азия мен Еуропа арасындағы континентаралық жүк тасымалдарында теңіз көлігі басымдыққа ие, оның үлесіне 98% астам тиесілі. Демек, сарапшылардың пікірінше, ішкі континенттік дәліздерге көшу Қазақстанға зор мүмкіндіктер береді [6]. Қытай соңғы бірнеше жылдан бері Қазақстанның негізгі шетелдік инвесторларының қатарында. Тек қана соңғы екі жыл ішінде, тараптар жалпы сомасы 73,5 млрд доллар құрайтын инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде екіжақты құжаттарға қол қойды. Біздің статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2014 жылы 31 желтоқсанға дейін Қазақстанның экономикасына 18,65 млрд доллар қытайлық инвестициялар тартылып, оның ішінде тікелей инвестициялар – 4,08 млрд доллар құрды. Сонымен бірге ҚХР-ға жасалған қазақстандық инвестициялар көлемі 3,06 млрд доллар құрап, оның ішінде тікелей инвестициялар – 188,7 млн долларға жетті [7].

«Нұрлы жол» бағдарламасын іске қосу және Астанада халықаралық қаржы орталығын құру бойынша идея, сондай-ақ ҚХР-мен бірге «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бағдарламасын жүзеге асыру Қазақстанға шетелдік инвестициялардың келуіне маңызды жаңа серпін береді.

Егер Қазақстан үшін Жібек жолы бағыттарын қайта жаңғырту республиканың тиімді геосаяси орналасуын ескере отырып, ең алдымен республиканың транзиттік әлеуетін ашу болса, көлік дәлізінің шығыс жартысын құруға бастамашы болған ҚХР үшін «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасы бұл маңызды дипло-

матиялық қадам. Қазіргі және болашақ жобалар Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығын бекіте түседі. «Нұрлы жол» – көліктік инфрақұрылым мен қайта индустриализациялау сияқты нақты міндеттердің жүзеге асырылуын қамтитын ұлттық бағдарлама. Ал бұл – жаңа өндірістер, жаңа жұмыс орындары. Сондықтан, тактикалық тұрғыда біздің бағдарламамыз да, Қытайдың бастамасы да көп жағдайда ұқсас. Жолдар құрылысы өңірлерді байланыстырып, ауыл мен қаланы жақындатуға, еліміздің транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Шағын және орта бизнеске, сондай-ақ, азаматтарға өндіруші нарықты қолжетімді етудің арқасында сауда-саттық жанданады.

Қазақстан – географиясы бойынша транзитті мемлекет. ЖЖЭБ (Жібек жолы экономикалық белдеуі) шеңберіндегі барлық көлік бағыттары біздің территориямызбен өтеді. Біріншіден, Қытайдың мүддесін қазақстандық көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту үшін пайдалануға мүмкіндік; екіншіден, транзиттік дәліз үшін ақша; үшіншіден, жаңа жұмыс орындары; төртіншіден, Қытаймен ынтымақтастық салаларын кеңейту. ЖЖЭБ арқылы тек жол құрылысы саласында емес, экономиканың нақты секторында да ынтымақтастықты арттырамыз. Ең бастысы, бұл жобада Қазақстан өз ұлттық мүддесін қатаң ұстана білуі тиіс.

Жібек жолының дамуы Қазақстан мен Қытай арасындағы бірлескен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ Қазақстан мен Қытайдың шекаралық өңірлерінің өңірлік деңгейдегі өзара қарым-қатынас мәселелері секілді проблемаларын шешуге көмектесетін болады.

Жібек жолы – экономикалық белдеуінің негізгі құрамдас бөлігі. Жібек жолы экономикалық белдеуінің тұжырымдамасында және «Нұрлы жол» бағдарламасында қарастырылған идеялардың тамаша үйлесімі. Қытайдың басты мақсаты – жаһандық сауда державасына айналу болса, Қазақстан жариялаған басты мақсат – көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту. Бұл екі жобада бұл мәселені шешеді.

Әдебиеттер

- 1 Мұқаметханұлы Н., Кәрібжанов Ж. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 254 б. Б.177.
- 2 Юй Чжочао. Проект 21 века – экономический пояс Шёлкового пути / rusila.su/2015/.../proekt-21-veka-ekonomicheskij-royas-shyolkovogo-p [22.10.2015]
- 3 ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы/ww.inform.kz/kaz/article/2715695 [11.11.2014]

- 4 Батыс Еуропа – Батыс Қытай: дәліздің мәңгілік елге тигізер пайдасы қандай?/el.kz/.../Батыс-Еуропа-Батыс-Қытай-дәліздің-... [30.07.2014]
- 5 Сыроежкин К.Л. Концепция формирования «экономического пояса на Шелковом пути»: проблемы и перспективы// Казахстан в глобальных процессах. – №1. – 2014. – С. 54-64.
- 6 «Қазақстан – Жаңа Жібек Жолы» жобасына артылған сенім мол. «Қазақстан – Жаңа Жібек Жолы». Келешекте бұл жоба халықаралық деңгейдегі көліктік-логистикалық жүйеге айналмақ /www.railways.kz/node/5821 [8.11.2013]
- 7 Біздің мемлекеттер арасындағы қатынастардың тарихы терен/ baq.kz ақпараттық портал [12.05.2015]

References

- 1 Mukamethanuly N., Karibzhanov Zh. Kytaydyn syrtky sayasaty zhane Kazakstanmen katynasy (2000-2010 zhyldar). – Almaty: Kazak universiteti, 2013. – 254 b. B.177.
- 2 Yu Chzhaochao. Proekt 21 veka – ekonomicheskij poyas Shelkogo puti/ rusila.su/2015/.../proekt-21-veka-ekonomicheskij-poyas-shyolkovogo-p [22.10.2015]
- 3 KR Prezidnti N.Nazarbayevtyн Kazakstan halkyna «Nurly zhol – bolashakka bastar zhol» Zholdaу/ww.inform.kz/kaz/article/2715695 [11.11.2014]
- 4 Batys Europa Batys Kytai: dalizdin mangilik elge tigizer paidasy kandai?/el.kz/.../ Batys Europa Batys Kytai:dalizdin... [30.07.2014]
- 5 Syroezhkin K.L.Kontzeptziya formirovaniya «ekonomicheskogo poyasa Shelkogo puti»: problemy i perspektivy//Kazahstan v globalnyh protzessah.-№1, – 2014. S.54-64.
- 6 «Kazakstan – Zhana Zhibek Zholy» zhobasyna artylgan senim mol. Keleshekте bul zhoba halykaralyk dengeidegi koliktik-logistikalyk zhuiege ainalmak /www.railways.kz/node/5821 [8.11.2013]
- 7 Bizdin memleketter arasyndagy katynastardyn tarihy teren/ baq.kz akparattyk portal [12.05.2015]